

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 22 сәуірдегі N 70-ө және 2003 жылғы 4 тамыздағы N 164-ө өкімдеріне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 13 ақпандағы N 37-ө өкімі

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің кейбір өкімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) "2003-2005 жылдардың жазғы каникулы кезеңінде балалар мен жасөспірімдердің демалысын, сауықтырылуын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 22 сәуірдегі N 70-ө өкіміне :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі жастар ұйымдары мен мәдениет ұйымдарының жазғы кезеңде балалар мен жасөспірімдердің жазғы демалысын өткізуге, сауықтырылуын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыруға қ а т ы с у ы н а ж ә р д е м д е с с і н . " ;

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігі бұқаралық ақпарат құралдарында балалар мен жасөспірімдердің жазғы демалысына, сауықтырылуына және жұмыспен қамтылуына дайындық пен оларды өткізу барысының жариялануын қ а м т а м а с ы з е т с і н . " ;

2) "Көшпенді" көркем тарихи фильмін шығару туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 4 тамыздағы N 164-ө өкіміне :

1 және 3-тармақтарда "Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім" деген сөздер " Мәдениет" деген сөзбен ауыстырылсын.

Премьер-Министр